

# ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ТУРАЛЫ МЕМОРАНДУМ

Ұзынағаш ауылы

«02» 09 2025 жыл

«Жамбыл атындағы Ұзынағаш кәсіптік колледжі» мекемесі, Жарғы негізінде әрекет ететін атқарушы директор Алтаев Болат Бекбосынұлының атынан (бұдан әрі – колледж) бір жағынан, және

Stand Metal (бұдан әрі – кәсіпорын),

ИИ Нурслаом Қалбаев Қанат Мақсұбаев атынан екінші жағынан, бұдан әрі бірлесіп «Тараптар» деп аталатындар, төмендегідей келісімге келді.

## 1-бөлім. Келісімнің мәні

1.1. Осы келісімнің мақсаты:

- кадрларды даярлау жүйесін жетілдіру, оқытушылар құрамының біліктілігін арттыру, оқу, тәрбие және ғылыми-зерттеу жұмыстарында жаңа технологиялар мен озық тәжірибелерді енгізу саласында ынтымақтастық орнату;
- колледж оқытушыларының теориялық білімі мен кәсіпорын қызметкерлерінің практикалық тәжірибесін біріктіру арқылы мамандарды кәсібилендіруді қамтамасыз ету;
- жоғары білікті мамандарды даярлау процесінде ортақ міндеттерді шешу мақсатында әдістемелік көмек көрсету, қажетті ақпараттық ресурстармен алмасу, серіктестік байланыстар орнату және оқытудың практикалық бағытын қамтамасыз ету;
- оқу процесін жетілдіру мақсатында озық білім беру технологиялары мен әдістемелік әзірлемелерді, сондай-ақ кәсіпорынның практикалық ұсыныстарын енгізу;
- колледж студенттерінің өндірістік оқытуы мен өндірістік тәжірибесін кәсіпорын базасында ұйымдастыру және өткізу.

1.2. Әлеуметтік серіктестік келесі нысандарда жүзеге асырылады:

- мемлекеттік міндетті ТЖКБ стандарты, WorldSkills кәсіби стандарттары және өңірлік ерекшеліктер негізінде жұмыс берушілердің қатысуымен білім беру бағдарламаларын әзірлеу;
- ортақ қызығушылық тудыратын мәселелер бойынша бірлескен конференциялар, семинарлар, кеңестер, дөңгелек үстелдер, шеберлік сабақтары, жобалар мен бағдарламалар және басқа да іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу;
- бірлескен білім беру бағдарламаларын әзірлеу және іске асыру;
- колледж бен кәсіпорынның жастарды кәсіптік бағдарлау іс-шараларын ұйымдастыру және өткізуге қатысуы;
- колледж студенттерінің кәсіпорында өндірістік тәжірибесін ұйымдастыру және өткізуге колледж бен кәсіпорын өкілдерінің қатысуы.

1.3. Әлеуметтік серіктестікті дамыту бойынша бірлескен қызмет Тараптармен бекітілген іс-шаралар жоспарына сәйкес жүзеге асырылады.

1.4. Тараптар арасындағы ынтымақтастық Қазақстан Республикасының Конституциясы мен қолданыстағы заңнамасын, жариялылық пен төзімділікті, еріктілік пен тәуелсіздікті, өзара сенім мен ашықтықты, басқа Тараптың ішкі істеріне араласпау қағидаттарын сақтай отырып, жүзеге асырылады. Осы келісім шеңберінде Тараптар бірлескен бағдарламалар мен іс-шараларды әзірлеу үшін комиссиялар мен жұмыс топтарын құра алады.

## **2-бөлім. Колледждің міндеттемелері**

2.1. Кәсіпорынмен бірлесіп мамандықтар бойынша білім беру бағдарламаларын, кәсіби стандарттарды, оқу бағдарламаларын әзірлеуге қатысу.

2.2. Кәсіпорынмен бірлесіп кәсіби тәжірибені ұйымдастыру, ол үшін:

- студенттердің жұмысын, еңбек тәртібін, қауіпсіздік техникасы мен еңбекті қорғау ережелерін сақтауын бақылау және қадағалау үшін жетекші оқытушыны тағайындау;

- Кәсіпорыннан студенттердің ішкі тәртіп ережелерін бұзу жағдайлары туралы сигналдарға уақтылы әрекет ету, олармен тәрбие жұмысын ұйымдастыруда Кәсіпорынға көмек көрсету;

- Кәсіпорынның сұранысы бойынша студенттердің сапалы даярлығын қамтамасыз ету үшін әдістемелік материалдар ұсыну;

- Кәсіпорынмен келісім бойынша студенттердің өндірістік тақырыптағы бақылау жұмыстары, демонстрациялық емтихандар, дипломдық жобалар орындауын ұйымдастыру.

2.3. Колледжде өткізілетін зерттеулер, ғылыми-практикалық конференциялар, семинарлар және салалық мәселелерге арналған басқа да іс-шаралар туралы Кәсіпорынды хабардар ету.

## **3-бөлім. Кәсіпорынның міндеттемелері**

3.1. Колледжбен бірлесіп мамандықтар бойынша білім беру бағдарламаларын, кәсіби стандарттарды, оқу бағдарламаларын әзірлеуге қатысу.

3.2. Колледж студенттерінің өндірістік тәжірибесін қамтамасыз ету, ол үшін:

- Колледжден жіберілген студенттерге мамандықтары мен біліктіліктеріне сәйкес жұмыс орындарын ұсыну, тиісті өндірістік жағдайлар жасау;

- тәжірибе басталғанға дейін қауіпсіздік техникасы мен еңбекті қорғау бойынша нұсқаулық өткізу, сондай-ақ студенттерді Кәсіпорынның ішкі тәртіп ережелерімен таныстыру;

- қауіпсіз еңбек жағдайларын қамтамасыз ету;

- тәжірибе бағдарламасының орындалуын бақылау үшін қызметкерлер арасынан тәжірибе жетекшісін тағайындау және бұйрықпен бекіту;

- тәжірибе кезеңінде студенттерді қажетті жабдықтармен, құралдармен, аспаптармен, материалдармен, техникалық әдебиеттермен және басқа да материалдармен қамтамасыз ету;
- студенттерді артық жұмысқа, іс-сапарларға, сондай-ақ колледжде меңгеріп жатқан мамандықтарына қатысы жоқ жұмыстарға тартпау;
- студенттер үшін жұмыс күнінің ұзақтығын Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес қамтамасыз ету;
- қажет болған жағдайда студенттерге медициналық қызмет көрсету;
- колледжден тәжірибе жетекшілеріне студенттердің тәжірибе өту орындарын аралауға мүмкіндік беру;
- тәжірибе нәтижелері бойынша кәсіпорыннан жетекшілер студенттердің кәсіби құзыреттерді меңгеру деңгейі туралы мәліметтерді қамтитын студенттің күнделігінде сипаттама және жазбаша қорытынды (баға) дайындау.

3.3. Тәжірибе нәтижелері бойынша студенттердің даярлық деңгейін бағалау және оларды кәсіпорында одан әрі жұмысқа орналастыру үшін іріктеу (бос орындар болған жағдайда).

3.4. Келісілген жоспар бойынша колледждің кәсіптік бағдарлау іс-шараларына қатысу.

3.5. Колледжге кәсіпорынның мамандықтар бойынша кадрларға деген ағымдағы және болашақтағы қажеттіліктері туралы ақпарат беру.

3.6. Колледж оқытушыларына кәсіпорында тағылымдамадан өту мүмкіндігін ұсыну арқылы көмек көрсету.

#### **4-бөлім. Жалпы ережелер**

4.1. Осы меморандум тараптардың келісімі бойынша қосымша хаттама жасау арқылы ұзартылуы, өзгертілуі немесе бұзылуы мүмкін. Қосымша хаттама осы меморандумның ажырамас бөлігі болып табылады.

4.2. Осы меморандумның орындалу барысы жыл сайын колледждің педагогикалық кеңесінде кәсіпорын өкілдерінің қатысуымен қаралады.

4.3. Осы меморандумды іске асыру барысында туындаған даулар мен келіспеушіліктер өзара келіссөздер және консультациялар арқылы шешіледі.

4.4. Осы меморандум оған тараптар қол қойған сәттен бастап күшіне енеді және бес жыл мерзімге жарамды болып табылады.

4.5. Осы меморандум екі данада жасалып, әр тарапта бір-бір данадан сақталады.

«Кәсіпорын» (ұйым)

Колледж»

100 Гранд Метал  
ИП Нурислам  
Алтаев Мақсат Мақсетбаев  
(кәсіпорынның, ұйымның және т.б.  
атауы)  
Grand Metal КЗ

«Жамбыл атындағы Ұзынағаш кәсіби  
колледжі» мекемесі  
040900, Алматы облысы, Жамбыл  
ауданы, Ұзынағаш ауылы, Сарыбай  
би көшесі, 71-үй  
Тел.: 8 (727) 2-29-15  
ИИК KZ3696527F0008209581  
БИК IRTYKZKA  
БСН 041040002907

(заңды мекенжайы)

Тел: 727 512 7803

ОИН

БСН 020109402661

Бас директор


М.О.

«Forte Bank» АҚ

Атқарушы директор:

Алтаев Б.Б.

М.О.



5-бөлім. Тараптардың заңды мекенжайлары мен реквизиттері

«Кәсіпорын» (ұйым)

Колледж»

ТОО Grand Metal  
ИП Нурислам  
Қалдаев Мақсат Мақсетбаев  
(кәсіпорынның, ұйымның және т.б.  
атауы)  
Grand Metal КЗ

«Жамбыл атындағы Ұзынағаш кәсіби  
колледжі» мекемесі  
040900, Алматы облысы, Жамбыл  
ауданы, Ұзынағаш ауылы, Сарыбай  
би көшесі, 71-үй  
Тел.: 8 (727) 2-29-15  
ИИК KZ3696527F0008209581  
БИК IRTYKZKA  
БСН 041040002907

(заңды мекенжайы)

Тел. 727 512 7803

ОИИ

БСН 02010940286

Бас директор

Қалдаев Нурислам

М.О.

«Forte Bank» АҚ

Атқарушы директор:

Алтаев Б.Б.

М.О.

